

**"2010 жылғы 21 мамырдағы Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тасымалданатын тауарларға қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсынудың кейбір мәселелері, кедендік баждарды, салықтарды өндіріп алудың ерекшеліктері және осындай тауарларға қатысты өндіріп алынған соманы аудару тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 6 қарашадағы № 1404 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«2010 жылғы 21 мамырдағы Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тасымалданатын тауарларға қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсынудың кейбір мәселелері, кедендік баждарды, салықтарды өндіріп алудың ерекшеліктері және осындай тауарларға қатысты өндіріп алынған соманы аудару тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*С. Ахметов*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ 2010 жылғы 21 мамырдағы  
Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне  
сәйкес тасымалданатын тауарларға қатысты кедендік баждарды,  
салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсынудың кейбір мәселелері,  
кедендік баждарды, салықтарды өндіріп алудың ерекшеліктері және  
осындай тауарларға қатысты өндіріп алынған соманы аудару  
тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу  
туралы хаттаманы ратификациялау туралы**

2011 жылғы 19 желтоқсанда Мәскеу қаласында жасалған 2010 жылғы 21 мамырдағы Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тасымалданатын тауарларға қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсынудың кейбір мәселелері, кедендік баждарды, салықтарды өндіріп алудың ерекшеліктері және осындай тауарларға қатысты өндіріп алынған соманы аудару тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама ратификациялансын.

Президенті

**2010 жылғы 21 мамырдағы Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тасымалданатын тауарларға қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсынудың кейбір мәселелері, кедендік баждарды, салықтарды өндіріп алудың ерекшеліктері және осындай тауарларға қатысты өндіріп алынған соманы аудару тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ХАТТАМА**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Р е с е й Ф е д е р а ц и я с ы ,

2010 жылғы 21 мамырдағы Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тасымалданатын тауарларға қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсынудың кейбір мәселелері, кедендік баждарды, салықтарды өндіріп алудың ерекшеліктері және осындай тауарларға қатысты өндіріп алынған соманы аудару тәртібі туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 13-бабына сәйкес,

Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында кедендік реттеуді қамтамасыз ету ма қ с а т ы н д а ,  
төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Келісімге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2-бап мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

«Тараптардың мемлекеттік органдары» - Беларусь Республикасы мемлекеттік басқармасының республикалық органдары, Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары, Ресей Федерациясы атқарушы билігінің федералдық органдары ;  
» .

2-баптың алтыншы, жетінші және сегізінші абзацтары тиісінше жетінші, сегізінші және тоғызыншы абзацтар болып саналсын;

2) 5-баптың үшінші абзацы алып тасталсын;

3) 5-бап мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші абзацтармен толықтырылсын:

«Тауарлар бастапқы жайғасуға арналған тауарларды қоса алғанда, дипломатиялық өкілдіктің персонал мүшелері, шет мемлекеттің консулдық мекемесінің қызметкерлері немесе артықшылықтарының көлемі бойынша оларға теңестірілген органдар және ( немесе) халықаралық ұйымдар миссияларының персоналы, сондай-ақ егер болу

мемлекетінде тұрақты тұрмайтын болса және болу мемлекетінің азаматы болып табылмаса, өздерімен бірге тұратын отбасы мүшелерінің жеке пайдалануына арналған болса, ол туралы жөнелтуші кеден органын әрбір нақты тасымалдау бойынша өз Тарапының сыртқы істер министрлігі не дипломатиялық өкілдігі, шет мемлекеттің консулдық мекемесі, сондай-ақ артықшылықтарының көлемі бойынша оған теңестірілген орган және (немесе) өз Тарапының аумағында орналасқан халықаралық ұйымның миссиялары хабардар еткен болса;

тауарлар мәдени, ғылыми-зерттеу мақсатында пайдалануға, спорттық жарыстарды не оларға дайындықты өткізуге, дүлей апаттардың, авариялардың, апаттардың салдарын жоюға, Тараптардың қорғаныс қабілеттілігін және мемлекеттік (ұлттық) қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, олардың қарулы күштерін қайта жарақтандыруға, Тараптардың мемлекеттік шекараларын қорғауға, Тараптардың мемлекеттік органдарының пайдалануына арналған болса, ол туралы мүдделі Тараптың орталық кеден органы жөнелтуші кеден органына ұсынған кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсынбастан осындай тауарларды шығару туралы қолдауды мүдделі Тараптың тиісті мемлекеттік органы растаған болса;».

5-баптың төртінші абзацы бесінші абзац болып саналсын;

4) 7-баптың төртінші абзацындағы «осы Келісімнің 13-бабына» деген сөздер «осы Келісімнің 12-бабына» деген сөздермен ауыстырылсын.

5) Келісімге 2-қосымшада:

«1» сілтемесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер Сертификатты тіркеуші кеден органы Беларусь Республикасының кеден органы немесе Қазақстан Республикасының кеден органы болып табылса, мұндай кеден органының коды мынадай ерекшеліктерді ескере отырып көрсетіледі:

Беларусь Республикасы үшін - 112 және одан әрі кеден органдарының сыныптауышына сәйкес кеден органының коды (11200000);

Қазақстан Республикасы үшін - 398 және одан әрі кеден органдарының сыныптауышына сәйкес кеден органының коды (39800000)».

## **2-бап**

Тараптар арасындағы осы Хаттаманы түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар Келісімде белгіленген тәртіпте шешіледі.

## **3-бап**

Осы Хаттама ратификациялауға жатады және қол қойылған күнінен бастап у а қ ы т ш а қ о л д а н ы л а д ы .

Осы Хаттама дипломатиялық арналар арқылы депозитарий Тараптардың осы Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы

соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

2011 жылғы « » \_\_\_\_\_ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада  
ж а с а л д ы .

Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы осы Хаттаманың депозитарийі болып табылатын  
Кеден одағының комиссиясында сақталады және ол әрбір Тарапқа оның  
куәландырылған көшірмесін жолдайды.

*Беларусь*  
*Республикасы*  
*үшін үшін*

*Қазақстан*  
*Республикасы*  
*үшін үшін*

*Ресей*  
*Федерациясы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК